

Бекітемін: 
Мектеп директоры
Смагулова Р.Н.
«27» қыркүйек 2021 жыл



Келісемін: 
Тәрбие ісінің меншерушісі
Искакова А.А.
«27» қыркүйек 2021 жыл

Үйірме жоспары

Тақырыбы: «*Сыр сандық*»

Мұғалім: Қазымбек И.Қ.

2021-2022 оқу жылы

Түсінік хат

Кай ұстаз болмасын өз шәкіртінің дұрыс сөйлеп, ойын шебер жеткізе білгенін қалайды. Бұл орайда қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің рөлі ерекше деп ойлаймын. Баланың сөз мағынасын, сөйлем мәнін ұғынуында мәнерлеп окудың да маңызы зор.

Жалпы мәнерлеп оку дегенде тек поэзияны ғана мәнерлеп оқи білу деп түсінбеуіміз керек. Мен өзімнің қазақ тілі мен әдебиеті сабактарында әрбір қарапайым сөйлемді дұрыс нақышына келтіре оқи білу, әрбір кейіпкер сөзін сол кейіпкер бейнесінде толғай білу, әрбір мақалдың негізгі ойын дұрыс айтып жеткізе білу, әрбір өлең жолдарын мәнімен, үйқас, ырғактарын ұғып тұрып жеткізу жолдарын үйретуге тырысамын. Ол үшін бала ең алдымен оқыын деп тұрган сөйлемнің, мақалдың немесе өлең жолдарының мағынасын, айтпақшы ойын анық түсіне білуі керек.

Екіншіден, әрбір тыныс белгісінің мәнін ұғып, соны дұрыс пайдалана білуі тиіс.

Үшіншіден, өлең сөздің үйқас ырғактарын, бунақ тармақтарын ажыратса білуі керек. Демек, бұдан келіп шығатын қорытынды нағыз мәнерлеп оқи билетін бала қазақ тілі мен әдебиеті теориясынан толық білімді болып шығады екен. Бұлай дейтін себебіміз, егер окушы қазақ тіліндегі тыныс белгілерін (пунктуация) не үшін қойылатынын, әдебиет теориясында теңеу, эпитет, метонимия, метафора, т.б. сияқты ұғымдардың қандай жерлерде не мақсатпен жазылатынын білмесе, онда окушының мәтін мазмұнын дәл ұғып, түсініуі қындау болар еді.

Мысал келтірсек: 7-сынып, Қазақ тілі.

-Ия, алдымен айта кетейін: Отан, ата-мекен, ата-баба, ұрпақ, қазан-ошақ, ағайын-туыс деген қасиетті сөздер сол шақта да нақ осы күнгі сияқты мән-мағынада болған. Осы сөйлемді тыныс белгілерін алып тастанап оқысақ, сөйлем өзінің жеткізейін деп тұрган қасиетті ұғымынан мүлде алыстанап, түсініксіз былдыр болып шығар еді. Немесе, «Бидайдың кеудесін көтергені –

дакылының жоқтығы, жігіттің кеудесін көтергені – ақылының жоқтығы»-деген мақалдағы сыйықша мен үтірді алып тастасақ та, жогарыдағыдай жағдайға душар болар едік.

Бірінші сөйлемді оқыганда бала түсінігінде « Отан, тұған жер, туыс, ата-баба» сияқты сөздердің қасиетін ұғатындағы ұғым болуы керек десек, макалды оқыганда бала дарапылыш, мақтаншақтық сияқты жаман қылықтардан жириенетіндей дәрежеде болуы керек. Сонда ғана мақал өз дәрежесіне сай жеріне жеткізіле айттылады. Сәкеннің «Сыр сандық» өлеңінен үзінді келтірейік:

«Сыр сандыкты// ашып қара,

Ашып қара // сырласым.

Сым пернені// басып қара;

Басып қара// жырласын!

Сұлу сымда// перне әуені

Перне әуені// жыр айттар

Көніл ашар// тербеу әні,

Тербеу әні //сыр айттар».

Міне, бұл жолдарды оқыганда окушы сыр сандықтың адамның жан дүниесі (метафора), сым перненің көніл – қүйі (метафора) және әр шумақтың бунақ, тармақтан тұратынын ажырата білуі керек, сонда ғана ол ақын жанын түсініп, сезіміне еніп, тыңдаушы жүргегіне сол сұлу сазды, сырлы назды жеткізе алады.

М. Әуезовтың « Көксерегінде» Құрмаштың әжесінің мына бір сөзіне назар аударайықшы:


« Түү, мына кәпірдің екі көзі жап – жасыл боп кетіпті – ау, тұқымын сезген еken мына жүзікара; Қой, балам, енді мұны өлтіріп, терісін алайық», - деп еді.

Бұл сөйлемді оқыганда окушы ең алдымен көпті көрген көне көздің байқағыштық қасиетін көре білуі тиіс, екіншіден, бұл сөйлемнің иесі жас адам емес, карт әже екенін ұмытпауы керек, үшіншіден, қасқыр тұқымының жыртқыштық қасиетін жан – дүниесімен сезінуі кажет. Сонда ғана карт

әжениң аузынан шыққан бір ауыз құдіретті сөз тыңдаушысына өз мәнінде жетеді.

Енді осы қасиеттерді балаға қалай менгертуге болады? Ол үшін төмендегі сыйбаны (1 сыйба) негізге ала отырып, мынадай жұмыстар жүргіздім:

- ◆ мәтінді жанрына қарай өзім оқып, таныстырамын; - тыныс белгілерінің койылу ерекшеліктерін сұрап, білгенін өзім түсіндіріп өтемін;
- ◆ окушыға іштей оқытып, сөйлем немесе шумақ мазмұнын ұғып алуына мүмкіндік беремін.
- ◆ жеке- жеке окушыға даралап оқыттырамын;
- ◆ балаларға кезекпен немесе барлық сынып окушыларына бірден дауыстап оқытамын (бұл, әсіресе, тәменгі сыныпқа қолайлы);
- ◆ егер кейіпкер сөзі не диалог болса баланың сол бейнеге енуіне жағдай жасаймын;
- ◆ теледидардан берілетін кештер мен айтыстарды үнемі көріп отыруын тапсырып, кадағалаймын;
- ◆ тек окулық көлемімен шектелмей, өздерінің ұнатқан шығармаларын жаттап, сынып алдында айтуына мүмкіндік беремін (бұл баланың ізденуіне мүмкіндік);



◆ мәнерлеп окуды өте жақсы меңгерген окушыларды сынып алдында жеке оқытамын, әр түрлі шараларға қатыстырып отырамын;

◆ баланың бет – қимылын қозгалысын қалыптастыруға бағыт беремін (бұл баланың алға ұмтылуына, талпынуына жағдай жасайды).

Бұл талаптарды жаңа сабактарда, блок сабактарында, үй тапсырмаларын сұраған кезде жүзеге асырып отырамын.

Енді «Еңбегіне қарай өнбекі» демекші, осы жұмыстар негізінде кол жеткізген нәтижеме токталсам:

◆ Өзім сабак беретін сынып окушыларының жартысынан көбі жақсы, бесеуі өте жақсы дәрежеде мәнерлеп оқу жолдарын менгерген;

Қорыта келгенде, « Сөйлеудің екі түрі болады: бірі – жалан, екіншісі - көрнекі. Көрнекі сөйлеуді жырлау – толғау дейміз. Жырлау – толғауда

айтылатын әсерлі сөзді дарынды сөз деп айту қолайлы. Сөздің асыл болуы – адамға ұнауымен. Сөз мағына жағынан күштілігімен, көркемділігімен, ұнайды», - деп, А. Байтұрсынов айтқандай, мәнерлеп оку жолдарын толық мәнгерген окушы «сөз асылын» табатын, «сөз мағынасын» ұғатын, «дарынды сөзді» тани біletін тұлға болып қалыптасады.

Мәнерлеп оку жолдарын үйретуде үйірме жұмысының да маңызы зор деп білемін. Сол мақсатта жасалған «Мәнерлеп оку» үйірмесінің үлгі жоспарын ұсынып отырмын.

Үйірменің негізгі мақсаты:

- окушылардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, көркемдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру;
- оқырмандық талғамды қалыптастыру
- ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;

Міндеті:

- әдебиетті өнер табиғатына сай оки білуге, мән – мағынасын терен түсінуге мүмкіндік туғызу;
- көркем әдебиетті окуга деген қызығушылығын ояту;
- жеке тұлғаның әмоциялық мәдениетін қалыптастыру;
- актерлік шеберлігін қалыптастыру, дамыту.

«Сыр сандық» үйірмесінің жоспары

№	Мазмұны	Сағат саны	Пайдаланылатын әдебиеттер	Уақыты
1.	а) сөз сырына үңілсем (сөз мағынасы) ә) Абай «Өлең - сөзің патшасы, сөз сарасы» (өлең құрылсызы)	1	Қазақ тілі окулығы, лексика бөлімі	06.10
2.	а) Пунктуация ережесі – дұрыс сөйлеу негізгі (ереже) б) мақал – сөз мәйсігі	1	Пунктуациялық сөздік	20.10
3.	а) Көркем тәсіл – сөз бояуы ә) С. Сейфуллин «Сыр сандак» т.б.	1	З. Қабдолов. «Әдебиет теориясы»	03.11
4.	а) Дұрыс оқылған сөйлем – көркем сөйлеудің алғышарты ә) Т. Айбергенов «Ана», т.б.	1	Орфоэпиялық сөздік (прозалық шығарма)	17.11
5.	«Поэзия! Сен менімен егіз бе едің?»	1	(теория) (практика)	01.12
6.	а) Сахна мәдениеті – көрермен назарында б) кейіпкер бейнесіне ену, жан – дүниесін түсіну жолдары в) мәнерлеп оқу сайыттарына қатысуға дайындық	1	С. Дүкенбаев. «Драмалық шығармаларды оқыту»	15.12
7.	а) Теледидар кеші – шеберлікті ұштау көзі б) Әдеби кештерге талдау жасап, оқылған өлеңдерді сараптай білу	1	Теледидардан әдеби кештерді көру	29.12 12.01
8.	а) Менің сүйікті шығармам (өлең) б) драма в) проза	3	Көркем шығармалармен жұмыс	26.02 09.02 23.02
9.	Жаттығу сағаттары	3		09.03 23.03 06.04
10.	Қайталау	1		20.04
11.	Қорытындылау (Мәнерлеп оқу сайысы)	2		04.05 18.05